# 2009 жылы ауданда ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 3 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 сәуірде N 5-5-90 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімі аппаратының 2010 жылғы 11 қаңтардағы № 5 хатымен

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімі аппаратының 2010.01.11 № 5 хатымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 санды Заңының 31 бабының I тармағының 13-тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 149 санды Заңының 20-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 санды «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережелерін орындау, халықты жұмыспен қамтудың белсенді саясатын іске асыру жұмысын жетілдіру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2009 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін жұмыс орнын беруші ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер тізбесі, жұмыс түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға қатысушылар еңбегіне ақы төлеу мөлшерлері бекітілсін.

2. Меншік нысандарына қарамастан ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер басшыларына ұсынылсын:

1) осы қаулының орындалуын ұйымдастыру;

2) қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

3. «Абай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (С. А. Татиева):

1) жұмыссыз азаматтарды жұмыс берушілер өтінішіне сәйкес қоғамдық

жұмыстарға жіберсін;
2) қоғамдық жұмыстарға бірінші кезекте мақсатты топтарға кіретін жұмыссыз азаматтарды тартсын;
3) жұмыс берушімен қоғамдық жұмыстарды орындауға шарт жасасын.
4. Осы қаулының орындалуына бақылау және басшылық жасау аудан әкімінің орынбасары Н. Жүнісжановқа жүктелсін.
5. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 523 санды «2009 жылы ауданда ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы» қаулысының күші жойылсын.
6. Қаулы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Е. СҮЛЕЙМЕН*

Аудан Әкімдігінің № 3 санды 25 наурыз 2009 жылғы қаулысымен бекітілген

## 2009 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін жұмыс орнын беруші ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер тізбесі, жұмыс түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбегіне ақы төлеу мөлшері

| Р/с | Ауылдық округі мен мемлекеттік мекеме, ұйымдар, шаруа қожалықтар және мемлекеттік емес бірлестіктер. | Қоғамдық жұмыстардың түрлері | Атқарылатын жұмыс түрлері | Қоғамдық жұмысқа қатысушылардың саны | | Қаржы көзі (мың теңге) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Барлығы | ауылдарда | Бюджет | Жұмыс беруші |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | "Қарауыл ауылдық округі әкімі" мемлекеттік мекемесі | Көше тазалау, халық, мал санағы, көгалдандыру, жол жөндеу, су құбырын жөндеу | Көше тазалау, халық, мал санағы , жөндеу, әктеу, сырлау жұмыстары. Ескерткіштерді қорғау, күту, құрылыс, гүл егу оны суару жұмыстары. Су құбырларын тазалау, көгалдандыру. Мал егуге көмектесу. | 16 | 16 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | "Кенгірбай-би ауылдық округі әкімі " мемлекеттік мекемесі | Көше тазалау, халық, мал санағы, көгалдандыру, спорт алаңдарын жөндеу, құрылысқа көмектесу | Көше тазалау, халық, мал санағы , жөндеу, әктеу, сырлау жұмыстары. Ескерткіштерді қорғау, күту, құрылыс, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары. Мал егуге көмектесу. | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 3 | "Көкбай ауылдық округі әкімі" мемлекеттік мекемесі | Мал-жан санағы, көше тазалау, жол жөндеу, көгалдандыру. | Көше тазалау, халық, мал санағы , жөндеу, әктеу, сырлау жұмыстары. Ескерткіштерді қорғау, күту, құрылыс, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары. Мал егуге көмектесу. | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 4 | "Құндызды ауылдық округі әкімі" мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру, көше тазалау, мал-жан санағы, құрылыс жұмыстары көше тазалау | Көше тазалау, халық, мал санағы , жөндеу, әктеу, сырлау жұмыстары. Ескерткіштерді қорғау, күту, құрылыс, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары. Мал егуге көмектесу. | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 5 | "Архат ауылдық округі әкімі" мемлекеттік мекемесі | Су құбырын жөндеу, көгалдандыру, көше тазалау, мал-жан санағы, жол жөндеу | Көше тазалау 3 км , халық, мал санағы, жөндеу, әктеу, сырлау жұмыстары. Ескерткіштерді қорғау, күту, құрылыс, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары. Мал егуге көмектесу. | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 6 | "Қаскабұлақ ауылдық округі әкімі | Іс қағаздарына көмектесу, мал-жан санағы, | Іс қағаздарына көмектесу, мал-жан санағы, | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | " мемлекеттік мекемесі | әр түрлі жұмыстары | әр түрлі жұмыстары | | | және экологиялық қосымша | |
| 7 | "Саржал ауылдық округі әкімі" мемлекеттік мекемесі | Көгалдандыру, көше жөндеу, мал-жан санағы, басқа жұмыстар | Көше тазалау, халық, мал санағы , жөндеу, әктеу, сырлау жұмыстары. Ескерткіштерді қорғау, күту, құрылыс, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары. Мал егуге көмектесу. | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 8 | "Токтамыс ауылдық округі әкімі" мемлекеттік мекемесі | Көше тазалау, көгалдандыру, жан-мал санағы, басқа жұмыстар | Көше тазалау, халық, мал санағы , жөндеу, әктеу, сырлау жұмыстары. Ескерткіштерді қорғау, күту, құрылыс, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары. Мал егуге көмектесу. | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 9 | "Медеу ауылдық округі әкімі" мемлекеттік мекемесі | Құбыр жөндеу, көше тазалау, мал-жан санағы, көгалдандыру | Көше тазалау, халық, мал санағы жөндеу, әктеу, сырлау жұмыстары. Ескерткіштерді қорғау, күту, құрылыс, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары. Мал егуге көмектесу. | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 10 | Абай аудандық соты (келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары. | Ақтау, сырлау жұмыстары, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары. Іс қағаздарына көмектесу | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 11 | Абай аудандық мәдениет үйі және кинотеатр «Арман» ( келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары. | Ақтау, сырлау жұмыстары. Іс қағаздарына көмектесу | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Абай аудандық қылмыстық атқару инспекциясы ( келісімі бойынша) | Мекемедегі тазалық, жұмыстары, іс қағаздарына көмектесу. | Ақтау, сырлау жұмыстары. Іс қағаздарына көмектесу | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 13 | Абай ауданының Әділет басқармасы ( келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | Ақтау, сырлау жұмыстары, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары,іс қағаздарына көмектесу | 6 | 6 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 14 | Абай аудандық прокуратурасы ( келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | Ақтау, сырлау жұмыстары, гүл егу оны суару, көгалдандыру жұмыстары Іс қағаздарына көмектесу | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 15 | Аудандық нотариус ( келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары. | Ақтау, сырлау жұмыстары. Іс қағаздарына көмектесу | 2 | 2 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 16 | Абай ауданның қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі ( келісімі бойынша) | Қазақ тілін окыту, іс қағаздарына көмектесу, тазалық әртүрлі жөндеу жұмыстары | Қазақ тілін окыту белгіленген уақытпен оқыту. ақтау, сырлау жұмыстары. Іс қағаздарына көмектесу | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 17 | Абай ауданының өртке қарсы қызмет бөлімі (келісімі бойынша) | Өрт сөндіруге, басқада тазалық жұмыстарына көмектесу | Шаруа қожалықтарында, орманда болған өрт сөндіруге, басқада тазалық, құрылыс жұмыстары. | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 18 | Абай аудандық ішкі істер бөлімі (келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | Мекемедегі тазалық, жұмыстары | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 19 | Мемлекеттік зейнетақы төлеу | Зейнетақы төлеуге байланысты науқанды жұмыстарға, мекемедегі | Науқанды жұмыстарға | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | орталығы (келісімі бойынша) | тазалық жұмыстарына көмектесу. | көмектесу және мекемені бояу, ақтау. | | | экологиялық қосымша | |
| 20 | Абай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | Атаулы көмек тағайындау кезіндегі және мекеме ішіндегі әртүрлі. Жәрдемдесу тазалық жұмыстарына | Науқанды жұмыстарға көмектесу және мекемені бояу, ақтау | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 21 | Абай аудандық кәсіпкерлік бөлімі | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | Науқанды жұмыстарға көмектесу және мекемені бояу, ақтау | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 22 | Қазақстан Республикасы министірлігінің Өскемен қаласының № 1 халыққа қызмет көрсету орталығы ( келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу және әртүрлі жұмыстар, тазалық жасау жұмыстары | Іс қағаздарына көмектесу және әртүрлі жұмыстар , тазалық жасау жұмыстар | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 23 | Абай аудандық қазынашылық басқармасы (келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстар | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 24 | Жылжымайтын мүлікті тіркеу және бағалау орталығы ( келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | Ақтау, сырлау жұмыстарына көмектесу | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 25 | Абай аудандық « Халық банкі» бөлімшесі | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жұмыстар | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жұмыстары | 1 | 1 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 26 | Абай аудандық « Нұр-Отан» ХДП филиалы (келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу және әртүрлі жұмыстар, тазалық жасау, жұмыстары | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жұмыстар | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 27 | | | | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | БТА Банкі АҚ Семей филиалы бөлімшесі ( келісімі бойынша) | Мекемедегі тазалық жұмыстары | Науқанды жұмыстарға көмектесу | | | экологиялық қосымша | |
| 28 | ЖШС Дерикар мекемесі (келісімі бойынша) | Мекемедегі жол бойындағы жұмыстарға көмектесу. | 200 км жол жөндеу, терезе, есіктер жөндеу жұмыстары. | 2 | 2 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 29 | Құнанбай қажы атындағы мешіт ( келісімі бойынша) | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. Ағаш, гүл егу | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. Ағаш, гүл егу | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 30 | ШҚО Әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының « Абай аудандық медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны (келісімі бойынша) | Мекеменің ішкі тазалық жұмыстарына көмектесу. | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 31 | «Абай ауданының білім бөлімі» | Тазалық, ақтау, сырлау, ағаш, гүл егу. | Ағаш, екпе шөп, гулдер егу. | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 32 | «Абай атындағы көп салалы кешенді мектеп–лицейі» ( келісімі бойынша) | Тазалық, ақтау, сырлау ағаш, гүл егу, суару. | Түп ағаш, екпе шөп, гүлдер егу. | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 33 | «Абай ауданы бойынша ШҚО жасөспірімдер спорт мектебі» (келісімі бойынша) | Тазалық, ақтау, сырлау, ағаш, гүл егу, суару. | Түп ағаш, екпе шөп, гүлдер егу. | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 34 | Карауыл мектеп гимназиясы (келісімі бойынша) | Тазалық, ақтау, сырлау, ағаш, гүл егу, суару. | Ағаш, екпе шөп гүлдер егу. | 5 | 5 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| | Абай аудандық көп балалы және | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 35 | тұрмысы төмен отбасыларының балаларына арналған интернат (келісімі бойынша) | Тазалық, ақтау, сырлау, ағаш, гүл егу, суару. | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. Ағаш, гүл егу | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 36 | Абай аудандық коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Абай елі » газеті (келісімі бойынша) | Мекеменің ішкі тазалық жұмыстарына көмектесу | Жергілікті газетті уақытында таратуға көмектесу. | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 37 | Аудан әкімі аппараты | Мекеменің ішкі тазалық жұмыстарына көмектесу | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. Ағаш, гүл егу. | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 38 | Қарауыл байланыс бөлімшесі (келісімі бойынша) | Мекеменің ішкі тазалық жұмыстарына көмектесу | Әртурлі тазалық жұмыстарына және жеделхаттар мен газет таратуға көмектесу. | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 39 | Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімі ( келісімі бойынша) | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. Ағаш, гүл егу Іс қағаздарына көмектесу | Ағаш, гул егу жұмыстары. | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 40 | Шаруа–қожалықтары (келісімдері бойынша) | Қой төлдету, шөп шабу, баз жөндеу | Науқанды әртүрлі жұмыстарға көмектесу | 2 | 2 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | Белгіленген кедейлік шегінен төмен емес |
| 41 | Наубайхана және комерциялық ұйымдар (келісімдері бойынша) | Нан өнімдерін тасу, ақтау, жөндеу жұмыстары. | Нан өнімдерін тасу, дүңгіршекті бояу, сырлау, жөндеу, әсемдеу | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | Белгіленген кедейлік шегінен төмен емес |
| 42 | Абай аудандық соты (келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары. | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары. | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| | Абай ауданының төтенше жағдайлар | Өрт сөндіруге, басқада тазалық | Шаруа қожалықтарында, орманда болған | | | Ең төмен еңбек ақыдан | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 43 | саласындағы мемлекеттік қадағалау бөлімі ( келісімі бойынша) | жұмыстарына көмектесуге | өрт сөндіруге, басқада тазалық, құрылыс жұмыстары. | 3 | 3 | кем емес және экологиялық қосымша | |
| 44 | ШҚО «Абай ауданының мемлекеттік мұрағаты» (келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары. | Науқанды жұмыстарға көмектесу және мекемені бояу, ақтау | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 45 | Абай аудандық орталық емхана бірлестігі (келісімі бойынша) | Мекеменің ішкі тазалық жұмыстарына көмектесу | Мекемені бояу, ақтау, науқанды жұмыстарға көмектесу | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 46 | «Баян Байгожина» атындағы бастауыш мектеп бала–бақшасы ( келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары. | Ақтау, сырласу, ағаш, гүл егу жұмыстары | 2 | 2 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 47 | ШҚО Абай ауданы бойынша Салық басқармасы (келісімі бойынша) | Мекеменің ішкі тазалық жұмыстарына көмектесу | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. Жергілікті бюджетке түсетін салықты дер кезінде түсіріп отыруға көмектесу. Іс қағаздарына көмектесу. | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 49 | Абай ауданының жер қатынастары бөлімі | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары. | Науқанды жұмыстарға көмектесу және мекемені бояу, ақтау | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 50 | «Балалар өнер–саз мектебі» (келісімі бойынша) | Іші-сыртын ақтау, сырлау жұмыстарын жүргізу, сыпыру , суару | Ағаш, екпе шөп гүлдер егу. | 2 | 2 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 51 | Абай ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары. | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жұмыстар | 2 | 2 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 52 | Абай аудандық статистика бөлімі ( келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жұмыстар | 4 | 4 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 53 | Абай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 54 | Абай ауданының ішкі саясат бөлімі | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. Іс қағаздарына көмектесу | 2 | 2 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 55 | Тұрғын үй, құрылыс шаруашылық көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жөндеу жұмыстары | Тазалық жасау жұмыстары, ақтау сырлау. Іс қағаздарына көмектесу | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| 56 | Абай аудандық жер кадастрлық филиалы (келісімі бойынша) | Іс қағаздарына көмектесу, және әртүрлі жұмыстар | Іс қағаздарына көмектесу, тазалық жасау, әртүрлі жұмыстар | 3 | 3 | Ең төмен еңбек ақыдан кем емес және экологиялық қосымша | |
| | **Барлығы** | | | **210** | **210** | | |

*Абай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы С. Татиева*

**Ескерту:** 2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды өткізуге аудан бюджетінде көзделген қаражаттар шегіне байланысты қатысушылар саны, қатысу мерзімі және ұйымдар тізімдері сұраныстар мен ұсыныстарға сәйкес өзгертілуі мүмкін.

Аталған тізімде ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын аудан кәсіпорындарында, ұйымдармен мекемелеріндегі нақты жағдайлар: жұмыс аптаның ұзақтығы 5 күнді құрайды. Демалыс күндері-сенбі, жексенбі, Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндер. Еңбекке ақы төлеу нақты атқарылған кезеңге, жұмыс уақытын есепке алу табелінде көрсетілген, жұмыссыздардың дербес шотына аудару тәртібімен жүргізіледі; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті

қорғау бойынша нұсқамалық, арнайы киіммен, құралдармен қамтамасыз ету, еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік төлем жүргізу, жарақаттану немесе денсаулыққа зиян келтіру бойынша шығынды өтеу, зейнетақы және әлеуметтік аударылымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі және заңмен белгіленген басқа да еңбек шарттары жұмысшылармен жеке келісім шарттарда көрсетіледі.

Абай ауданы әкімдігінің
5 маусым 2009 жылғы
№ 49 қаулысының
қосымшасы

## Абай ауданы тұрғындарының нысаналы топтарға жататын адамдардың тізбесі:

Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2009.06.05 N 49 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

1. Табысы аз адамдар;
2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата - ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызілікті, көп балалы ата-аналар;
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
7. Мүгедектер;
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
10. Оралмандар;
11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
12. Жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады.
13. Мектептер мен кәсіптік оқу мекемелерінің түлектері;

14. Өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне, соның ішінде қайта ұйымдастыру және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күні режимінде жұмыс істейтіндер;

15. Еңбек ақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;

16. Жазғы оқу демалысы уақытындағы студенттер;

17. Елу жастан асқан әйелдер;

18. 55 жастан асқан азаматтар;

19. Ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК